

«Диалог» – билік пен халықтың арасындағы дәнекер

1 маусым 2012 | 11:06 | Қоғам | Қаралған: 2422 | Пікірлер: 0



Өңіріміз тағы да өнегесі мол істің бастамашысына айналды. Кеше Өскемен қаласындағы Белинский көшесінде орналасқан №1 халыққа қызмет көрсету орталығында «Диалог» деп аталатын азаматтардың бейнеөтініш беру орталығы өз жұмысын бастады. «Рейтинг» ІТ компаниясы жүзеге асырған жаңа инновациялық жобаның ашылу рәсіміне облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қатысты.



тұлғаларға тікелей қоюға мүмкіндігі бар.

Иә, мұны нағыз ноу-хоу десе де болады. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ кабинаға кіріп, процестің қалай жүзеге асатынымен өзі жіті танысты. Бір атап айтарлығы, аталмыш жоба елімізде тұңғыш рет біздің өңірде қолға алынып, жүзеге асып отыр. Енді билік өкілдері мен халықтың арасы тіпті жақындай түсті деп те айтуға болады. Жұмысын енді бастаған ақпараттық жүйенің де басты мақсаты осы. Енді облыс орталығы тұрғындарының «Диалог» атты бейнеөтініш беру орталығының көмегімен өзін мазалаған сауалдарды облыс басшылығындағы паузымды

Сондай-ақ тұрғындар осынау ақпараттық жүйенің көмегімен белгілі бір органдардағы заң бұзушылықты да хабарлай алады. Халыққа қызмет көрсету орталығының бір бұрышына орналастырылған арнайы кабинаның іші бейне материалдарды жазу құрылғыларымен жабдықталыпты. Азаматтарды тіркеу, олардың билік орындарына өтініштерін жазу процесі осы кабинада жүзеге асырылады.

– Тіркеу процесі қарапайым әрі жеңіл. Оны тұрғындардың барлық тобы оңай игере алады, – дейді «Рейтинг» ІТ компаниясының директоры Дмитрий Левитанус. – Өтініш беруші азамат жұмысты сенсорлық мониторды қолдана отырып, телефон нөмірін енгізуден бастайды. Десе де ең алдымен бейнеөтініш беруші азамат сауалдың экрандағы паузым иесінің қайсысына екенін анықтап алуы

тиіс. Экранда алушының суретімен бірге аты-жөні, қызметі, жауапты саласы жазулы тұрады. Бейнеөтініш мерзімінің ұзақтығы екі минут. Ал аса қажетті жағдайда екі минуттық мерзімді ұзартуға да болады. Азаматтың бейнеөтініші жазылып біткеннен соң, оған тіркеу нөмірі бар арнайы түбіртек беріледі. Тіркеу нөмірі өтінішке келген жауапты қарау үшін қажет болғандықтан азамат ол түбіртекті тиісті жауапты алғанша сақтауы тиіс.

Сонымен қатар Д. Левитанус өтініш жолдаушы екі апта көлемінде құзыретті органнан тиісті жауап алатынын, бұл хат түрінде өтініш жолдағаннан гөрі анағұрлым тиімді екені туралы әңгімеледі.

«Диалог» бейнеөтініш беру орталығының жұмысы тұрғындарға ыңғайлы болуы үшін жоғары жылдамдықтағы ғаламтор желісіне де қосылу қарастырылған. Десе де ақпараттық жүйе алушыны sms хабарлама арқылы да құлақтандыра алады.

– Мұны өз кезегінде виртуалды қабылдау деп атаса да болады. Өңір тұрғындарының енді белгілі бір салаға жауапты кез келген пауазым иесіне сауап қоюға мүмкіндігі бар. Бұл біздің аймақтағы билік орындарының халыққа бір табан жақындауы. Осы жүйенің арқасында халық пен билік арасында екіжақты қарымқатынас орнайды, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Әрине, ақпараттық жүйе бұдан әрі де жетілдіріле бермек. Д. Левитанустың айтуынша, алдағы уақытта тұрғындардан көп түсетін сауалдарға, өтініш беру, құжаттар жинау және тағы басқа анықтамалық негіздегі ақпараттарды орналастыру да ойда бар. Жалпы, бұл ақпараттық жүйе облыс Әкімінің тікелей тапсырмасымен қолға алынып, облыс Әкімі аппаратының қолдауымен жүзеге асқанын ерекше атап айтқан жөн. Жобаны жүзеге асырушы «Рейтинг» өкілінің айтуы бойынша, алдағы уақытта мұндай азаматтардың бейнеөтініш жасау орталықтарын қапаның тағы да екі-үш жеріне орнату жоспарланып отырған көрінеді.

Мейрамтай Иманғали